

**"Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы
" Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 366 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 қазандағы № 143 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қазанда № 8563-11 болып тіркелді

Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 366 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5306 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесінде:

6-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6. Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі ұсынымдарды еңбек, шығармашылық ұжымдары, аудандық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді.";

8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"8. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін 10 күн бұрын наградтау жөніндегі аудан әкімі жанындағы комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жіберіледі. Комиссияның оң қорытындысына сәйкес 5 күн ішінде аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімін шығару арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.";

9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария аудандық мәслихат төрағасы

Е. Әжікенов